CENTEK®

ПАЙДАЛАНУШЫ НҰСҚАУЛЫҒЫ

ЭЛЕКТР ВАФЛЯ ҚАЛЫБЫ



CT-1447

ҚУАТЫ • САПАСЫ • ДИЗАЙНЫ

МАЗМҰНЫ

1. Сақтық шаралары
2. Аспаптың сипаттамасы
3. Жиынтықтылығы
4. Жұмыс тәртібі
5. Аспап күтімі
6. Техникалық сипаттамалары
7. Қоршаған ортаны қорғау, аспапты кәдеге жарату
8. Сертификатталуы туралы ақпарат, кепілдік міндеттемелері
9. Өндіруші, импорттаушы туралы ақпарат

Құрметті тұтынушы!
«Centek» сауда маркасымен шығарылатын өнімді таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз және оны пайдалану ережелерін сақтау жағдайында осы бұйымның мінсіз қызмет етуіне кепілдік береміз.

Пайдаланбас бұрын аспапты дұрыс және қауіпсіз пайдалануға қатысты маңызды ақпаратты қамтитын осы нұсқаулықты мұқият оқып шығыңыз. Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз.
Аспапты тікелей мақсаты бойынша пайдаланбау жағдайында және осы нұсқаулықта көрсетілген ережелер мен шарттар сақталмаған кезде, сондай-ақ аспапты біліксіз жөндеу жағдайында дайындаушы жауапкершіліктен босатылады.
Егер Сіз аспапты басқа адамға пайдалануға беретін болсаңыз, оны осы нұсқаулығымен бірге беріңіз.
Вафля қалыбы тұрмыстық аспап болып табылады және өнеркәсіптік мақсатта пайдалану үшін жарамайды!

1. САҚТЫҚ ШАРАЛАРЫ

Сіз сатып алған аспап Ресей Федерациясында электр аспаптарына қолданылатын барлық ресми қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді. Өмірге және денсаулыққа қауіпті жағдайларға, сондай-ақ аспаптың уақытынан бұрын істен шығуына жол бермеу үшін төменде келтірілген шарттарды қатаң сақтау керек:

1. Пайдалануды бастамас бұрын осы нұсқаулықпен мұқият танысыңыз.
2. Осы нұсқаулықты сақтап қойыңыз.
3. Аспапта көрсетілген қуаттау кернеуі электрмен жабдықтау желісіндегі кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
4. Басқа дайындаушылардың керек-жарақтары мен қосалқы бөлшектерін пайдалануға тыйым салынады. Осындай бөлшектерді пайдалану жағдайында дайындаушының кепілдігі жойылады.
5. Аспаптың желілік баусымының, ашасының және басқа бөліктерінің зақымдалулары кезінде аспапты пайдалануға тыйым салынады.
6. Желілік баусымның зақымдалуы кезінде жазатайым оқиғаларға жол бермеу үшін оны дайындаушының немесе авторландырылған сервистік орталықтың күшімен ауыстыру қажет.
7. Аспапты үй-жайлардан тыс пайдаланбаңыз.
8. Пайдалану аяқталғаннан кейін аспапты дереу электр қуаттау розеткасынан ажыратыңыз.
9. Жоғары ылғалды жерлерде, ыстық беттерде, жылу бөлетін аспаптардың немесе ашық жалынның жанында

желілік баусымды өткізбеңіз және аспаптың өзін қоймаңыз.
10. Егер аспап биіктіктен құласа немесе оған ылғал түссе аспапты пайдаланбаңыз.
11. Аспапты электр розеткасына еркін қол жеткізе алатындай етіп, тегіс орнықты жылуға төзімді бетке орнатыңыз.
12. Аспапты жақсы желдетілетін жерлерде пайдаланыңыз. Тұтануға жол бермеу үшін аспапты перденің жанында орнатпаңыз және жұмыс істеп тұрғанда үстін жаппаңыз.
13. Абай болыңыз: жұмыс істеген кезде аспаптың корпусы қатты қызады, ыстық беттерді ұстамаңыз.
14. Жұмыс қалыптарының арасындағы саңылаулар ішінен будың шығуынан сақ болыңыз, күйіп қалмау үшін қолыңызды тигізбеңіз және дененің басқа ашық бөліктерін жұмыс қалыптарының шеттеріне жақын жолатпаңыз, абай болыңыз.
15. Осы аспапты балалардың пайдалануына қатаң тыйым салынады.
16. Ешқашан өнімдерді вафля қалыбынан өткір заттармен алып шықпаңыз, себебі олар жұмыс қалыптарының күюге қарсы жабынын зақымдауы мүмкін.
17. Аспап толық суымағанша оны жылжытпаңыз.
18. Егер аспап қолданылмаса, ол өшірулі болуын қадағалаңыз!
19. Аспапты ас үй раковинасына тікелей жақын пайдаланбаңыз, оны ылғалдың әсер етуіне ұшыратпаңыз.
20. Желілік баусымның үстелден салақтап тұруына, сондай-ақ оның ыстық беттермен немесе ас үй жиһазының өткір шеттерімен жанасуына жол бермеңіз.

21. Тазалау алдында, сондай-ақ оны қолданбаған жағдайда аспапты әрдайым желіден ажыратыңыз.
22. Жазатайым оқиғаларға жол бермеу үшін аспапты тек тікелей мақсаты бойынша пайдаланыңыз.
23. Бұл аспап дене немесе ақыл-ой мүмкіндіктері шектелген тұлғалармен, балалармен, сондай-ақ осындай аспаптарды пайдаланудың жеткілікті тәжірибесі жоқ тұлғалармен олардың қауіпсіздігі үшін жауапты тұлғалар тарапынан тиісті нұсқамалықсыз және бақылаусыз пайдалану үшін арналмаған.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Ешқашан өнімдерді вафля қалыбынан өткір заттармен алып шықпаңыз, себебі олар жұмыс қалыптарының күюге қарсы жабынын зақымдауы мүмкін.
Электр тогының соғуына жол бермеу үшін желілік баусымды, желілік ашаны немесе аспаптың өзін суға немесе кез келген басқа сұйықтықтарға батырмаңыз. Егер ол орын алса, аспапты ҰСТАМАҢЫЗ, дереу оны электр желісінен ажыратыңыз және осыдан кейін ғана аспапты судан алып шығуға болады. Аспапты тексеру немесе жөндеу үшін авторландырылған (уәкілетті) сервистік орталыққа жүгініңіз.

2. АСПАПТЫҢ СИПАТТАМАСЫ



1. Автоқұлып
2. Желіге қосылу индикаторы
3. Дайындық индикаторы
4. Төменгі қалып
5. Жоғарғы қалып

3. ЖИЫНТЫҚТЫЛЫҒЫ

– Вафля қалыбы – 1 дана;
– Пайдалану жөніндегі нұсқаулық – 1 дана.

4. ЖҰМЫС ТӘРТІБІ

ЖҰМЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

Аспапты төмен температурада тасымалдау немесе сақтаудан кейін оны кемінде екі сағат бөлме температурасында ұстау керек.

1. Қосар алдында электр желісінің кернеуі аспаптың корпусында көрсетілген кернеуге сәйкес келетініне көз жеткізіңіз.
2. Жұмыс қалыптарының күюге қарсы жабынын ылғалды шүберекпен немесе губкамен сүртіңіз, осыдан кейін құрғатып сүртіңіз.
3. Аспапты бірінші рет пайдаланар алдында жұмыс қалыптарының күюге қарсы жабынына өсімдік майының шамалы мөлшерін жағып, бүкіл беті бойынша үлестіріңіз, артығын қағаз сулықпен кетіріңіз. Аспапты жауып, желілік баусымның ашасын электр розеткасына салыңыз, осы кезде индикатор жанады.
4. 5-10 минуттан кейін желілік баусымның ашасын электр розеткасынан алыңыз.
5. Жұмыс қалыптарының толық суығанын күтіңіз, өсімдік майының артығын кетіріңіз.

Ескертпе: Аспапты бірінші қолданған кезде қыздыру элементтері күйеді, осы кезде ерекше иіс пайда болуы мүмкін - ол қалыпты жағдай және ақаулық болып табылмайды.

ВАФЛЯ ҚАЛЫБЫН ПАЙДАЛАНУ

1. Жұмыс қалыптарының күюге қарсы жабынын ептеп өсімдік майымен майлаңыз.
2. Желілік баусымның ашасын электр розеткасына салыңыз, осы кезде желіге қосу индикаторы жанады.
3. Белгіленген температураға жеткен кезде дайындық индикаторы жанады, енді вафляларды пісіруге кірісуге болады.
4. Тұтқасынан ұстап жоғарғы қақпақты көтеріңіз.

5. Алдын ала дайындалған сұйық қамырдың қажетті мөлшерін төменгі қалыпқа ақырын құйыңыз.
6. Жоғарғы қалыпты түсіріп, қамырдың біркелкі үлестірілуі үшін қалыптарды қысыңыз.
7. Шамамен 2-3 минуттан кейін жоғарғы қалыпты тұтқасы арқылы көтеріңкіреп, вафлялардың дайындығын тексеріңіз. Егер вафлялар дайын болмаса, вафля қалыбын жауып, тағы біршама уақыт күтіңіз.
8. Қамыр қызарыңқыраған кезде пластик немесе ағаш қалақшаны қолданып, дайын вафляларды ақырын алып шығыңыз.
9. Вафля пісіріп болған соң, желілік баусымның ашасын электр розеткасынан суырып алып, аспапты электр желісінен ажыратыңыз. Аспапты ашық күйінде қалдырып, оның суығанын күтіңіз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Вафлялар дайын болғаннан кейін бірден алып шығыңыз, вафлялардың қосылған аспапта ұзақ қалуы кезінде олардың жануы орын алуы мүмкін.
Жұмыс істеп тұрғанда индикатор жұмыс қалыптарының белгіленген температурасының сақталуы туралы сигнал беріп, ара-тұра жанып, сөніп тұрады.
Вафлялар дайын болғаннан кейін бірден алып шығыңыз, вафлялардың қосылған аспапта ұзақ қалуы кезінде олардың жануы орын алуы мүмкін.
Вафляны қалыптан алып шығу үшін өткір немесе металдан жасалған заттарды (пышақ, металл қалақшалар және т.б.) қолданбаңыз, себебі ол қалыптардың күюге қарсы жабынының зақымдалуына әкелуі мүмкін.

Ескертпе: Қолданылатын ингредиенттерге байланысты вафля дайындау уақыты өзгеруі мүмкін.
Аспапты тек толық суығаннан кейін сақтауға жинап қоюға болады!

5. АСПАП КҮТІМІ

1. Желілік баусымның ашасын электр розеткасынан суырып алып, вафля қалыбын өшіріңіз.
2. Аспаптың толық суығанын күтіңіз, ол үшін жоғарғы қалыпты ашу ұсынылады.
3. Қамырдың қалдықтарын кетіріп, күюге қарсы жабынды ылғалды шүберекпен сүртіңіз, қажет болса жұмсақ жуғыш затты қолданып, кейін құрғатып сүртіңіз.
4. Қамырдың қалдықтарын кетіру үшін жұмсақ щетканы қолданыңыз.
5. Аспапты сақтауға жинап қою алдында аспаптың тазалауын орындаңыз. Тазалау үшін абразивті заттарды немесе металл ысқыштарды қолданбаңыз, себебі олар аспаптың ішкі күюге қарсы жабынын немесе сыртқы беттерін зақымдауы мүмкін.
6. Қуаттау баусымын ораңыз.
7. Аспапты құрғақ, салқын, балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ

Электр тогы соғуына жол бермеу үшін аспапты суға немесе басқа сұйықтықтарға батырмаңыз.

6. ТЕХНИКАЛЫҚ СИПАТТАМАЛАРЫ

- қуаттау кернеуі 220-240 В ~ 50 Гц;
- максималды қуаты 800 Вт;
- желілік баусымның ұзындығы 0,8 м.

7. ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ, АСПАПТЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

Орамасы, аспаптың өзі қайта пайдалануға болатын материалдардан жасалған.
Мүмкіндігіңізше кәдеге жарату кезінде оларды қайта пайдаланылатын материалдарға арналған контейнерге тастаңыз.

АСПАПТЫ КӘДЕГЕ ЖАРАТУ

Қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін аспапты кәдімгі тұрмыстық қоқыстан бөлек кәдеге жаратуға болады. Оны электрондық аспаптар мен электр аспаптарын қайта өңдеу үшін қабылдайтын арнайы орынға тапсыруға болады. Материалдар олардың жіктемесіне сәйкес қайта өңделеді. Осы аспаптың қызмет мерзімі аяқталғаннан кейін оны қайта өңдеуге тапсыру арқылы Сіз қоршаған ортаны қорғау ісіне үлкен үлесіңізді қосасыз.
Электрондық аспаптар мен электр аспаптарын қайта өңдеу үшін қабылдайтын орындардың тізімін мемлекеттік биліктің муниципалдық органдарынан алуға болады.

8. СЕРТИФИКАТТАЛУЫ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ, КЕПІЛДІК МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

Тауар «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» заңға сәйкес сертификатталған.
Осы аспап Ресей Федерациясында электр аспаптарына қолданылатын барлық ресми ұлттық қауіпсіздік стандарттарына сәйкес келеді. «Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы» РФ Федералдық заңының 5-бабының 2-тармағына сәйкес өндірушімен белгіленген тәртіппен осы бұйымның қызмет ету мерзімі бұйым осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын техникалық стандарттарға қатаң сәйкестікте пайдаланылған жағдайда өндірілген күннен бастап 3 жылды құрайды. Бұйымның өндірілген күні сериялық нөмірінде көрсетілген (2 және 3 белгілер - өндірілген жылы, 4 және 5 белгілер - айы). Қызмет ету мерзімі аяқталған кезде аспапты әрі қарай пайдалану жөнінде ұсыныстар алу үшін ең жақын авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз. Кепілдіктік және кепілдіктен кейінгі қызмет көрсету Краснодар қаласы, «Ларина-Сервис» ЖШҚ бас сервистік орталығымен жүзеге асырылады. Тел.: 8(861)2-600-900.
Сіздің қалаңызда сервистік орталықтың болуы туралы көрсетілген телефон арқылы немесе мына сайттан біле аласыз: **www.centek.ru.**
Өнімнің сәйкестік сертификаты бар:
15.12.2015 жылғы № RU C-CN.АЛ16.В.07968

EAC Өнім сертификатталған және барлық талап етілетін еуропалық және ресейлік стандарттарға сәйкес келеді

РЕЦЕПТТЕР

ВЕНАЛЫҚ ВАФЛЯ

100 мл сүт
250 г ұн
1 ш.қ. қопсытқыш
80 г қант
2 жұмыртқа
100 г сары май

Тегешке 2 жұмыртқаны жарып, қант қосып, бұлғаңыз. Ерітілген сары май мен 1 шай қасық қопсытқыш қосыңыз. Тағы да бұлғаңыз. Осыдан кейін ұн мен сүтті қосып, біркелкі үлпілдек қоймалжың түзілгенше бұлғаңыз. Вафля қалыбын жылытып, төменгі қалыпқа қамырдың қажетті мөлшерін ақырын құйыңыз. Вафляны 5 минут ішінде пісіріңіз.

БЕЛЬГИЯЛЫҚ ВАФЛЯ

125 г сары май
75 г қант
1 қалташық ванильді қант
3 жұмыртқа
250 г бидай ұны
тұз дәміне қарай
250 мл сүт
125 мл минералды су
1/4 ш.қ. қопсытқыш

Ақуыздарды сарыуыздардан бөліңіз. Ақуыздарды жақсылап бұлғаңыз. Май, қант, ванилин, сарыуыз бен тұзды қант ерігенше бұлғаңыз. Қамыр жасау үшін ұн мен қопсытқышты араластырып, ұнға сүтті құйып, майлы-қантты қоймалжыңды қосыңыз. Осыдан кейін минералды су мен бұлғанған ақуыздарды қосыңыз. Барлығын жақсылап араластырыңыз. Ұсынған кезде үстіне даршын және қант ұнтағын себуге болады.

CENTEK®

Кепілдік талоны № _____

Талон барлық мөртабандар мен белгілердің болуы кезінде жарамды

Назар аударыңыз! Сатушыдан кепілдік талоны мен үзінді талондарды толық толтыруын сұраңыз.

Сатушы фирмамен толтырылады	
Бұйым	
Моделі	
Сериялық нөмірі	
Сату күні	
Сатушы фирма	

Сатушы фирманың заңды мекенжайы

Сатып алушының ТАӘ және телефоны

Сатушының қолы

Сатушы ұйымның мөрі

ҚҰРМЕТТІ ТҰТЫНУШЫ!

«Centek» сауда маркасының техникасын таңдағаныңыз үшін алғыс білдіреміз және оны пайдалану ережелерін сақтау жағдайында сатып алған аспаптың жоғары сапалы жұмысына кепілдік береміз.

Барлық аспаптарға кепілдік мерзімі сатып алған күннен бастап 12 ай. Осы кепілдік талоны арқылы өндіруші осы аспаптың жарамдылығын растайды және өндірушінің кінәсінен туындаған барлық ақаулықтарды тегін жою бойынша міндеттемені өзіне алады.

Кепілдіктік жөндеу Краснодар қаласы, Демус көшесі, 14 мекенжайы бойынша орналасқан дайындаушының «Ларина-Сервис» ЖШҚ авторландырылған сервистік орталығында жүргізілуі мүмкін. Тел.: (861) 2-600-900.

КЕПІЛДІКТІ ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ ШАРТТАРЫ:

1. Кепілдік келесі рәсімдеу шарттары сақталған кезде жарамды:

- модель атауын, оның сериялық нөмірін, сату күнін көрсете отырып, дайындаушының түпнұсқалық кепілдік талонын дұрыс және анық толтыру, кепілдік талонында сатушы фирманың мөрі және сатушы фирманың өкілінің қолы, әр үзінді талонда мөрлердің, сатып алушының қолы болуы.

Жоғарыда аталған құжаттар ұсынылмаған немесе олардағы ақпарат толық емес, түсініксіз, қарама-қайшы болған жағдайда өндіруші кепілдік қызмет көрсетуден бас тартуға құқылы.

2. Кепілдік келесі пайдалану шарттары сақталған кезде жарамды:

- аспапты қатаң түрде пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа сәйкес қолдану;
- қауіпсіздік ережелері мен талаптарын сақтау.

3. Кепілдік аспапты иесінің үйінде мерзімді түрде қызмет көрсету, тазалау, орнату, баптауды қамтымайды.

4. Кепілдік қолданылмайтын жағдайлар:

- механикалық зақымданулар;
- аспаптың табиғи тозуы;
- пайдалану шарттарын сақтамау немесе иесінің қате істері;
- дұрыс емес орнату, тасымалдау;
- табиғи апаттар (найзағай, өрт, су тасқыны және т.б.), сондай-ақ сатушының және дайындаушының бақылауына жатпайтын басқа себептер;
- аспаптың ішіне бөгде заттардың, сұйықтықтардың, жәндіктердің түсуі;
- өкілеттігі жоқ тұлғалармен жөндеу немесе құрылмалық өзгерістер енгізу;
- аспапты кәсіби мақсаттарда (жүктеме тұрмыстық қолдану деңгейінен асады) пайдалану, аспапты Мемлекеттік Техникалық Стандарттарға сәйкес келмейтін қуаттаушы телекоммуникациялық және кәбілдік желілерге қосу;
- бұйымның төменде келтірілген керек-жарақтарының істен шығуы, егер оларды ауыстыру құрастырылымында көзделген болса және бұйымды бөлшектеуге байланысты болмаса:

а) қашықтықтан басқару пульттері, аккумуляторлық батареялар, қуаттау элементтері (батареялар), сыртқы қуаттау блоктары және зарядтау құрылғылары.

б) шығын материалдары мен керек-жарақтары (орамасы, тысқаптар, белдіктер, сөмкелер, торкөздер, пышақтар, колбалар, тәрелкелер, түпқоймалар, торлар, істіктер, құбыршектер, түтіктер, щеткалар, саптамалар, шаңжинағыштар, сүзгілер, иісті жұтқыштар).

- батареялардан жұмыс істейтін аспаптар үшін, - жарамсыз немесе тозған батареялармен жұмыс істеу;
- аккумуляторлардан жұмыс істейтін аспаптар үшін, - аккумуляторларды зарядтау және қайта зарядтау ережелерін бұзудан туындаған кез келген зақымданулар.

5. Осы кепілдік тұтынушының қолданыстағы заңнамамен белгіленген құқықтарына қосымша ретінде дайындаушымен беріледі және ешқандай шамада оларды шектемейді.
6. Өндіруші «Centek» СМ өнімімен адамдарға, үй жануарларына, мүлікке тікелей немесе жанама түрде келтірген ықтимал зияны үшін, егер бұл бұйымды пайдалану, орнату ережелері мен шарттарын сақтамау нәтижесінде болған жағдайда; сатып алушының және (немесе) үшінші тұлғалардың қасақана және (немесе) абайсыз әрекеттері (әрекетсіздігі), еңсерілмейтін күш жағдайларының әсері үшін өзін жауапкершіліктен босатады.
7. Сервистік орталыққа жүгінген кезде бұйымды қабылдау тек таза түрінде іске асырылады (аспапта азық-түлік өнімдерінің қалдықтары, шаң немесе басқа ластанулар болмауы тиіс).

Өндіруші аспаптың дизайнын және сипаттамаларын алдын ала ескертусіз өзгертуге құқылы.

Осы бұйымның қызмет ету мерзімі бұйым осы пайдалану жөніндегі нұсқаулыққа және қолданылатын техникалық стандарттарға қатаң сәйкестікте пайдаланылған жағдайда өндірілген күннен бастап кемінде үш жылды құрайды. Қызмет ету мерзімі аяқталған кезде аспапты әрі қарай пайдалану жөнінде ұсыныстар алу үшін авторландырылған сервистік орталыққа жүгініңіз. Бұйымның өндірілген күні сериялық нөмірінде көрсетілген (2 және 3 белгілер - өндірілген жылы, 4 және 5 белгілер - айы).

WWW.CENTEK.RU

ҚУАТЫ • САПАСЫ • ДИЗАЙНЫ